



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

4 қазан 2023 жыл
Семей қаласы

№ 02-02-126
город Семей

«Өндірістік оқытудағы заманауи трендтер: тәжірибе, бастамалар» тақырыбында директордың оқу- өндірістік жұмысы бойынша орынбасарларына арналған республикалық форумын ұйымдастыру туралы

«Талар» коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2023 жылғы 22 қыркүйектегі № 04-07/368 хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**,

1. «Өндірістік оқытудағы заманауи трендтер: тәжірибе, бастамалар» тақырыбында директордың оқу өндірістік жұмысы бойынша орынбасарларына арналған республикалық форум ағымдағы жылдың 12 қазан күні өткізілсін.

2. Форумның пленарлық және секциялық жұмыстарын ұйымдастырып өткізу «Құрылыс колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны директорының м.а С. Кошкимбаеваға, «Электротехникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны директоры М.Серікболұлына, «Радиотехника және байланыс колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны директоры м.а Ш.Кумашеваға жүктелсін.

3. Форумды ұйымдастыру және өткізу «Облыстық инновациялық-әдістемелік орталық» КММ білім беру процесін әдістемелік сүйемелдеу бөлімінің басшысы С.К.Бласбаевқа жүктелсін.

4. Форумның қатысушыларын Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығында қарсы алуды ұйымдастыру «Абай колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекеме директоры Р. Жумақсановқа жүктелсін.

5. Музыкалық бағдарламаны құрастыру және өткізуді ұйымдастыру «М.Төлебаев атындағы музыка училищесі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны директоры С.Ахметовқа жүктелсін.

6. Форумның қатысушыларын тасымалдауды ұйымдастыру «М.Төлебаев атындағы музыка училищесі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны директоры С.Ахметовқа, «Геологиялық барлау колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны директорының м.а Н.Минаеваға, «Көлік колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны директоры А.Нұғымаровқа жүктелсін.

7. Форумды ұйымдастыру комитетінің құрамы 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

8. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Орталық директоры м. а.



С.Ахметова